



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қыркүйек 2025

Қыркүйек айында жылдық инфляция **12,9%-ға** дейін жеделдеді. Бағаның қымбаттағаны негізінен азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлардан байқалды, ал қызмет көрсету секторының инфляциясы өткен айдағы деңгейде өзгеріссіз қалды. Инфляцияға ең көп әсер еткен де – азық-түлік тауарлары.


Айлық инфляция да жеделдеп, 1,1%-ға жетті. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция да осындай үрдіс көрсетіп, алдыңғы аймен салыстырғанда 1,3%-ға өсті.

Маусымдық факторлар ескерілген азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны күшейді, ал қызмет көрсету саласында, керісінше, баяулады. Алдыңғы аймен салыстырғанда, маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі азық-түлік тауарлары бойынша 1,00%-дан 1,33%-ға, азық-түлік емес тауарлар бойынша 1,07%-дан 1,45%-ға дейін өсті. Бұл ретте маусымдық факторларды ескергендегі ақылы қызметтер бағасының өсімі 1,53%-дан 1,09%-ға дейін түсті.

Маусымдық факторларды ескергенде, ет, қант, тосап, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдер, кофе, шай мен какао, жанар-жағармай, жеке қолдануға арналған электр құрылғылары, дәрі-дәрмек, сондай-ақ білім беру, тұрғын үйді жалға алу және демалысты ұйымдастыру қызметтері қымбаттағаны байқалды.


Маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні алдыңғы аймен салыстырғанда жоғарылап, **1,17%-ға жетті (тамызда – 1,07%)**. Бұл – 2023 жылдың басынан бергі ең жоғары көрсеткіш. Баға өзгерісінің екі шеткі 10%-ын қысқарту арқылы есептелген базалық инфляция сәл ғана баяулаған. Алайда ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастағанда және медианалық мәндер негізінде есептелген көрсеткіштердің жеделдеуі экономиканың ішінде тұрақты инфляциялық қысым сақталып отырғанын көрсетеді.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Қыркүйекте азық-түліктің жылдық инфляциясы 12,7%-ға жетті (тамызда – 11,7%), ал айлық баға өсімі 0,9% болды (тамызда – 0,5%).

Ет пен өсімдік майының бағасы әлемдік нарықтағы қымбат бағаларға байланысты экспорттың жандануынан ары қарай өсіп отыр. Бұл ішкі нарықтағы ұсынысты азайтып, бағаға қосымша қысым түсіруде. Сонымен қатар импорт бағасының қымбаттауы мен ішкі өндіріс шығындарының өсуі де инфляцияны күшейтуге ықпал етіп отыр.

Сонымен қатар, көкөніс пен жеміс-жидек бағасының екі ай қатарынан төмендеуі бағаның жалпы өсуін біршама тежеді.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуі тұрақты сұраныспен, импорттық тауарлардың қымбаттауымен және ЖЖМ бағасының көтерілуімен байланысты болып отыр. Жылдық баға өсімі 10,8%-ға (тамызда – 9,7%), ал айлық өсім 1,5%-ға дейін (1%) жеделдеді.


ЖЖМ нарығының ырықтандырылуы жағдайында отын бағасы одан ары өсіп, инфляцияға айтарлықтай үлес қосты. Тұтынушылардан сұраныстың жоғары болуы мен импорт бағаларының өсуі дәрі-дәрмек, тұрмыстық техника және электроника секілді көптеген тауардың қымбаттауына әсер етті. Бұған қоса, маусымдық сұраныстың артуына байланысты қатты отын бағасы да өсті.

Қыркүйекте қызмет көрсету саласындағы бағаның өсуіне реттелетін де, реттелмейтін де қызмет түрлері әсер етті. Жылдық көрсеткіш 15,3% деңгейінде сақталса, айлық инфляция тамыздағы 1,4%-дан 1%-ға дейін баяулады.

Нарық қызметтері сегментінде бір ай ішінде білім беру, демалыс ұйымдастыру, тұрғын үйді жалға алу, киім тазалау мен жөндеу, қоғамдық тамақтану және шаштараз қызметтері қымбаттады.


Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерден жылу энергиясынан басқа барлық категорияда баға өсімі байқалды. 2025 жылдың басынан бері реттелетін қызметтердің инфляцияға қосқан үлесі 0,8 п.т-ға жетті.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

2025 жылғы қыркүйекте ФАО азық-түлік бағасының индексі 128,8 пункт болды (тамызда – 129,7). Айлық мәнде индекс 0,7%-ға төмендеді, ал жылдық өсім 3,4%-ға дейін баяулады. Ет бағасының қымбаттауы индекстің өсуіне айтарлықтай үлесті қосты, ал басқа тауарлар тобында баға төмендеді.

Қыркүйекте дәнді дақылдар бағасы айлық есеппен 0,6%-ға, жылдық есеппен 7,5%-ға төмендеді. Бидай бағасы сұраныстың аздығы мен Ресейде, Еуропа мен Солтүстік Америкада мол өнім алынады деген болжамға байланысты арзандады. Бразилия мен АҚШ-тан жеткізілім көбейгесін және Аргентинада экспорттық баж салығы уақытша алынғасын жүгері бағасы төмендеді. Ал арпа мен сорго қымбаттаса, күріш бағасы ұсыныс артқандықтан және Филиппин мен Африка елдерінің сатып алу көлемі азайғандықтан арзандап отыр.

Өсімдік майларының бағасы айлық есеппен 0,7%-ға төмендегенімен, былтырғы деңгейден әлі де 18%-ға жоғары. Малайзияда қорлар көбейіп, Аргентинадан жеткізілім көлемі артқандықтан пальма мен соя майлары арзандады. Ал күнбағыс пен рапс майлары Қара теңіз аймағы мен Еуропадағы шектеулі ұсынысқа байланысты қымбаттады.

Қыркүйекте ет бағасы жаңа тарихи максимумға жетті. Негізінен сиыр және қой еті қымбаттап отыр, ал шошқа мен құс еті бағасы тұрақты. Сиыр мен қой еті бағасының өсуі әлемдік нарықтағы жоғары импорт сұранысы мен ішкі және сыртқы нарықтағы шектеулі ұсынысқа байланысты болды.

Сүт өнімдері бағасы үш ай қатарынан төмендеп келеді. Бұл үрдіс май, құрғақ майсыз және майлы сүт, сондай-ақ ірімшік секілді негізгі тауарлардан байқалады. Себеп – маусымдық өндірістің артуы және импорттаушы елдерден сұраныстың төмендеуі.

Қант бағасы да түсті. Бұған Бразилияда өндірістің жоғары болуы және Үндістан мен Таиландта жауын-шашынның мол түсуі мен егіс алқабының кеңеюінен мол өнім алынады деген болжам әсер етті.

Қазақстанның ішкі нарығында дәнді дақылдар мен қант бағасы әлі де әлемдік деңгейден жоғары және сыртқы нарықтағы арзандауға баяу жауап беріп отыр. Ал әлемде ет бағасының өсуі ішкі нарықтағы бағаны да жоғары көтерді.

1-таблица. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Қыркүйек	Желтоқсан	Шілде	Тамыз	Қыркүйек
Дәнді дақылдар (ФАО)	146,1	155,1	150,9	152,6	152,2
Ұн ТБИ	197,2	199,2	200,0	201,4	202,2
Баға айырмашылығы, п.т.	51,1	44,0	49,1	48,8	50,0
Өсімдік майы (ФАО)	175,7	216,6	226,9	234,5	233,6
Өсімдік майы ТБИ	154,2	168,7	190,5	192,9	195,2
Баға айырмашылығы, п.т.	21,5	48,0	36,4	41,6	38,4
Қант (ФАО)	190,6	195,0	171,9	175,6	169,1
Қант ТБИ	217,9	207,0	229,1	231,0	231,3
Баға айырмашылығы, п.т.	27,3	12,0	57,2	55,4	62,2
Ет (ФАО)	141,7	153,0	165,0	168,5	170,2
Ет ТБИ	154,0	155,1	173,5	178,4	183,2
Баға айырмашылығы, п.т.	12,3	-2,1	8,5	9,9	13,0
Сүт өнімдері (ФАО)	165,2	185,9	206,1	206,9	202,1
Сүт өнімдері ТБИ	175,8	180,2	184,2	187,7	190,9
Баға айырмашылығы, п.т.	10,6	5,8	21,9	19,3	11,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, ол теңге мен АҚШ долларының орташа айлық бағамы бойынша теңгемен қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалардың әлемдік бағалардан жоғары екенін, ал жасыл түс – әлемдік бағалардың ішкі бағалардан жоғары екенін білдіреді.


Өндірушілер бағасы

2025 жылғы қыркүйекте тамақ өнеркәсібінде баға ары қарай өсті. Негізгі қысым ауыл шаруашылығы шикізатының қымбаттауынан туындап отыр. Мал азығы дақылдарының қоры азайғандықтан, өндіріс шығындары артты, бұл мал, құс, сүт және жұмыртқа бағасының көтерілуіне әсер етуі мүмкін.

Өңдеу кәсіпорындарынан сұраныс жоғары болғанымен, экспорт көлемінің ұлғаюы ішкі нарықты өнім өткізуде тартымсыз ете түсті. Сонымен қатар логистика мен су тарифтері, энергия ресурстары бағасы да өсіп келеді.


Ішкі өндіріс шығындарының өсуімен бірге импортталатын азық-түлік тауарлары да қымбаттап келеді. Ел ішінде ең алдымен ет пен ет өнімдері, өсімдік майлары, қант пен сусындардың көтерме бағалары өсті. ТМД елдерінен әкелінетін тауарлар арасында ет өнімдері, нан-тоқаш және кондитерлік бұйымдар, өсімдік майлары, кофе, шай, дәмдеуіштер, сондай-ақ ірімшік пен сүзбе қымбаттаған. Бұған Ресейдегі жоғары азық-түлік инфляциясы мен теңгенің рубльге шаққандағы бағамының әлсіреуі айтарлықтай әсер етіп отыр. ТМД-дан тыс елдерден келетін импорт тауарларының бағасы баяу өсіп жатқанымен, қыркүйек айында сүт өнімдері, шоколад пен кондитерлік тауарлар, кофе, дәмдеуіштер және теңіз өнімдері қымбаттағаны сезілді. Мұндай үрдіске АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамының әлсіреуі және кейбір тауарлар бойынша әлемдік бағаның өсуі себеп болды.

7-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ